КМ 4 / ПМ 4	Қаржылық талдау модулі/Модуль финансовой аналитики	DTZhEB/ADEP BZhKB/OBK 4308	а) Деректерді талдау және экономикалық болжау/Анализ данных и экономическое прогнозирование б) Бизнесі және компанияны бағалау/Оценка бизнеса и компании	6	КП/ПД	ТҚ/КВ	7	ана тілі / родной	емт./экз.		30	30		120	180
КМ 4 / ПМ 4	Қаржылық талдау модулі/Модуль финансовой аналитики	RZhPOBT / BASRR 4309	R және Python ортасындағы бизнестік талдау/Бизнес аналитика в среде R и Python	5	КП/ПД	ЖҚ/ВК	7	ағылш./а нгл	емт./экз.		15	30		105	150
КМ 4 / ПМ 4	Қаржылық талдау модулі/Модуль финансовой аналитики	KML/MLF 4310	Қаржыдағы Machine learning/Machine learning в финансах	6	КП/ПД	ЖҚ/ВК	7	ағылш./а нгл	емт./экз.		30	30		120	180
КМ 4 / ПМ 4	Қаржылық талдау модулі/Модуль финансовой аналитики		Дипломалды іс-тәжірибесі / Преддипломная пра	10	КП/ПД	ЖҚ/ВК	8		есеп/отч.						300
			Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру / Написание и защита дипломной работы (проекта) или подготовка и сдача комплексного экзамена	12	ҚА/ИА		8								360

МАЗМҰНЫ

1	Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері	40
2	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері	41
2.1	Білім беру бағдарламасының элективті пәндер каталогы	47
3	Бітірушінің біліктілік сипаттамасы	56
4	Кәсіби қызметінің мазмұны	60
5	Мамандарды жұмысқа орналастыру болашағы	60
6	Білім беру бағдарламасының модульдері бойынша оқыту нәтижелері	
6.1	Білім беру бағдарламасының модульдерін оқыту нәтижесімен дескрипторларды ұштастыру матрицасы	62
7	Модульдік білім беру бағдарламасының мазмұны	66
7.1	Оқу үдерісінің кестесі	66
7.2	Білім беру бағдарламасының картасы	67

1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

6B04103 – «Бизнес және қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша экономика бакалаврларын даярлау бағыты шеңберінде экономика ғылымдары саласында кадрлар даярлау үшін әзірленген.

Білім беру бағдарламасының **миссиясы** Excel электрондық кестесі, эконометрика және статистикалық талдау платформасы негізінде бағдарламалық шешімдердің заманауи әдістері мен құралдары арқылы қаржылық-экономикалық көрсеткіштерді талдау және тексеру дағдыларын иеленген, стратегиялық менеджмент және персоналды басқару заңдылықтарын білетін, жобаларды дамыту және жылжыту әдістерін және продакт менеджментті меңгерген қаржылық менеджмент бойынша компаниялар үшін мамандарды даярлау.

Білім беру бағдарламасы Университеттің стратегиялық міндеттерін шешумен бірге университеттің «Сапалы өмір үшін қолжетімді білім» миссиясын жүзеге асырады:

- экономиканың дамып келе жатқан салаларының кадрлық іргетасын қалыптастыратын, көшбасшылық қасиеттер мен тәжірибелік дағдылары бар жоғары білікті кадрларды даярлау;
- білім берудің қолжетімділігін арттыруға бағытталған қаржы саясатын қалыптастыру;
- білім беру жүйесіне халықаралық тәжірибені біріктіру мақсатында халықаралық байланыстарды дамыту;
- ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігін арттыру, ғылыми зерттеулердің потенциалын дамыту және коммерцияландыруды ынталандыру, ғылыми қызметті жүзеге асыру арқылы ПОҚ және білім алушылардың біліктілігін арттыру;
- жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, белсенді азаматтық ұстанымы бар, өзара сыйластық, төзімділік пен патриотизмнің келесі ұстанымдары бар тәрбие қызметін жүзеге асыру.

Экономиканың инновациялық дамуы барлық кезеңдерде кез-келген сала кәсіпорындарына білікті қызметкерлердің қатысуын талап етеді. Қазіргі заманғы бизнес-процестерге ілесіп жүретін ақпарат көлемі мен сапасының қарқынды өсуі экономика саласында қабылданатын шешімдердің сапасына жоғары талаптар қояды.

Нарықтық қатынастар субъектілерінің қызметінде табысқа жету үшін қызметкерлерге ең алдымен ақпараттық орта құрылымын, экономикалық өзара байланысты терең білу, экономикалық даму процестерін сауатты талдай білу, олардың ықтимал оң және теріс салдарын объективті бағалау, бірнеше тілді еркін меңгеру, кәсіпорындар мен жалпы экономиканың дамуын болжай білу қажетті. Елдің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуы және экономикада болып жатқан өзгерістер ҚР-дағы әлеуметтік, экономикалық және басқа да қоғамдық құбылыстар мен процестер туралы толық және дұрыс статистикалық ақпаратты мерзімінде дайындау және талдау қажеттілігімен байланысты.

6B04103 – «Бизнес және қаржы» білім беру бағдарламасының **өзектілігі** экономика ғылымдары саласындағы бітірушіге қажетті негізгі құзыреттіліктерді және оқыту нәтижелерін қалыптастыруда жаңа көзқарасты іске асыру болып табылады.

Білім беру бағдарламасының артықшылығы бірқатар жағдайларға байланысты. Біріншіден, жаһандық экономикадағы бәсекелестік қысым мен жаңа мүмкіндіктер компанияның өзгерістерге бейімделуіне және қолда бар мүмкіндіктерді капиталдандыруға көмектесу үшін қаржы саласында арнайы білімді, сондай-ақ білім мен көрегендікті талап етеді. Екіншіден, үлкен құқықтық база және экономикадағы тұрақты өзгерістер әлемдік білім деңгейіне сәйкес келетін қаржы бойынша мамандарды қарқынды даярлауда тұрақты сұранысқа ықпал етеді. Жұмыс берушілерге бизнесті терең біліммен ұштастыра отырып, қаржы саласында жақсы білімі мен дағдысы бар кандидаттар қажет. Халық

шаруашылығының барлық салаларында және барлық ұйымдық-құқықтық нысандағы экономикалық субъектілерде меншік нысаны мен қаржыландыру түріне қарамастан, қаржы мамандарын кәсіптік қызметке кешенді даярлау жөніндегі білім беру бағдарламалары талап етіледі.

6B04103 – «Бизнес және қаржы» білім беру бағдарламасының **мақсаты** - Excel кестелері платформасында бағдарламалық шешімдердің қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын, эконометрика және статистикалық талдау арқылы қаржылық-шаруашылық көрсеткіштерді талдау және аудит дағдыларын меңгерген, стратегиялық менеджмент және персоналды басқару заңдылықтарын білетін, жобаларды дамыту және жылжыту әдістерін және продакт менеджментті меңгерген компаниялардың қаржылық қызметін басқару бойынша мамандарды даярлау болып табылады.

6B04103 – «Бизнес және қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша экономика бакалаврларын дайындаудың білім беру бағдарламасының негізгі **міндеттері**:

- болашақ қаржы мамандарының негізгі кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру;
- оқыту процесінің ғылыммен байланысын қамтамасыз ету;
- білім алушылардың өзіндік зерттеу және аналитикалық қызметі үшін алғышарттар жасау;
- кәсіби қызметте пайдалану үшін алынған ақпаратты жүйелеу және арнайы ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- ғылыми-техникалық, экономикалық ақпаратпен жұмыс істеу, кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені шығармашылықпен пайдалану, алынған ақпаратты жүйелеу дағдыларын қалыптастыру;
- әлеуметтік-жеке қасиеттерді қалыптастыру және дамыту: мақсатқа ұмтылу, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, азаматтық, төзімділік, этикалық нормаларды ұстану, командада жұмыс істей білу;
- кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру арқылы жұмысқа орналасуға білім беру бағдарламасының түлектеріне көмек көрсету.

2 Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері

Дублин дескрипторларын ескере отырып, оқыту нәтижелері бойынша 6B04103 – «Бизнес және қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша экономика бакалавры:

Білу және түсіну (Дескриптор А):

- негізгі дүниетанымы мен экономикалық ойлау мәдениеті жоғары, білімді түлектің қалыптасуына ықпал ететін (микро-, бизнестегі макроэкономика, экономикалық теория және т.б.) жаратылыстану ғылымдары пәндері және экономикалық пәндер саласындағы базалық негіздерін;
- экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін;
- қаржы-бюджеттік және ақша-несиелік реттеуді ұйымдастыру негіздерін, қаржы-банк жүйесінің жұмыс істеуінің теориялық, практикалық аспектілерін, мемлекеттік қаржы және корпорациялардың қаржыларын ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі, сондай-ақ нарықты реттеу үшін қаржы-несие құралдарын пайдаланудың әлемдік тәжірибесін;
- әлемдік тәжірибені ескере отырып ҚР-дағы қаржылық реттеудің тетіктері мен құралдарын;
- қаржылық және кәсіпкерлік тәуекелдерді, капиталдың құны мен құрылымын, ұйымның ағымдағы қызметін қаржыландыруды басқару әдістерін талдау мен басқарудың базалық негіздерін;
- банк өнімдерін пайдаланудың әлеуетті мүмкіндіктерін зерттеудің негізгі әдістері мен тәсілдерін;

- банк несие саясаты маркетингін дамытудың негізгі негіздерін;
- R және Python орталарындағы жұмыстың базалық негіздерін және осы орталарға арналған қосымшалардың құрылымын;
- көрсетілген қосымшаларды офистік қосымшалардың коммерциялық және еркін таратылатын пакеттерімен интеграциялау мүмкіндіктерін білу;
- математикалық логиканың базалық элементтерін;
- экономиканың, қаржылық менеджменттің және қаржылық маркетингтің теориялық негіздерін;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздері мен іскерлік этика нормаларын сақтау;
- базалық экономикалық ұғымдар, ұлттық экономиканың жұмыс істеу жағдайлары, экономикалық өсу ұғымдары мен факторларын;
- корпорацияның жұмыс істеу қағидаттарын және корпоративтік басқару әдістерін;
- электрондық ақша қасиетінің негіздері, ислам банкіндегі банк қызметтерінің ерекшеліктерін;
- қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары және оларды экономиканың жаһандануы жағдайында отандық тәжірибеде қолданылуын;
- сандық әдістер теориясын, Excel қаржы есептерін сандық шешу құралдарын білу;
- экономиканы ақпараттандыру мен интеллектуалдандырудың теориялық негіздерін білу;
- машинамен оқытудың және қаржылық мәліметтерді әзірлеудің негізгі үлгілері мен әдістері туралы, регрессия: авторегрессия, трендтер және маусымдық міндеттері ретінде уақытша қатарларды болжау туралы.

Алынған білімді түсіну және пайдалану (Дескриптор В):

- NetWare, MSWindowsServer заманауи операциялық жүйелерінде жұмыс істей білу, жергілікті және жаһандық желі параметрлерін конфигурациялау;
- фискалдық және монетарлық саясат шараларын пайдалана отырып, қаржы-несие жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін арттырудың нақты жолдарын анықтау және негіздей білу;
- стратегиялық басқару және жаңа қаржы өнімінің дамуын жоспарлау жүйесінің қажеттілігі мен маңыздылығын түсіну;
- қаржы тәуекелдерінің деңгейін бағалауға, қаржы тәуекелдерін басқару әдістерін және банктер мен экономиканың нақты секторында қаржы тәуекелдерін басқару бойынша шешімдерді іске асыру құралдарын қолдануға ие болу;
- қойылған міндеттерге сәйкес экономикалық деректерді өңдеу үшін құрал-саймандық құралдарды қолдану, есептеу нәтижелерін талдау және алынған қорытындыларды негіздеуге ие болу;
- активтерді құндық бағалау, айналым капиталын басқару, қаржыландыру бойынша шешімдер қабылдау, дивидендтік саясатты қалыптастыру және капитал құрылымы үшін қаржы менеджментінің негізгі әдістерін пайдалана алу;
- моделдеу, схемотехника және алгоритмдеу саласындағы практикалық міндеттерді шешу кезінде математикалық логика теориясын қолдана білу;
- бизнесті басқарудың арнайы қолданбалы бағдарламалық өнімдерін қолдану;
- MSExcel, Calc электрондық кестелерін қолдана отырып, деректерді өңдеу ақпараттық жүйелердегі деректер мен ақпараттар ағынын талдай алу;
- тұтынушылық сұранысты қалыптастыру қағидаттарын және оны анықтайтын факторларды қолдана алу, нарықтық және ерекше тәуекелдерді талдаудың негізгі тұжырымдамалары мен әдістерін, оларды қолдану аясын қолдана алу;
- берілген шектеулерге сәйкес жобаның сметасы мен бюджетін, жобаны іске асыруды ұйымдастыра алу;

- бағалы қағаздардың қаржылық талдауын жүргізу, түзетілген талдамалық көрсеткіштерді құру арқылы стандартты қаржылық есептілікті интерпретациялау (EBITDA, NOPAT, EVA, RAROC);
- салық төлеушілердің есебін жүргізу және оларды шоттарда көрсету үшін салық заңнамасын қолдану, мемлекеттің салық саясатын дұрыс түсіндіре білу және ұйымның тәжірибелік қызметінде көрсету, кәсіпорынның салық шығындарын басқару және оңтайландыру;
- тиімді басқару шешімдерін жасай білу;
- банктік автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді қолдану, клиенттерге есептік-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, салықтарды есептеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану дағдысының болуы;
- төлем жүйелері қызметінің тиімділігін талдау әдістері мен құралдарын зерттеу арқылы талдай білу;
- тиімді басқару шешімдерін әзірлеу және қабылдау үшін міндеттерді шешу нәтижелерін талдай білу;
- Гаусс процестерін уақытша қатарларды үлгілеуде және пайдалылық көрсеткіштерін болжауда қолдану;
- Reinforcement learning әдістерін, Natural Language Processing әдістерінің көмегімен клиенттік тәжірибені жақсарту үшін машиналық оқыту әдістерін қолдану
- банктердің баланстық көрсеткіштерін болжау бойынша міндеттерді орындай білу.

Пікір қалыптастыру (Дескриптор С):

- қазіргі нарықтық құрылымдарда болып жатқан күрделі қаржылық-экономикалық процестерді талдау қабілеті;
- банкроттық ұйымның негізгі қаржылық құжаттары мен банкрот-кәсіпорындарды қаржылық талдау қабілеті;
- қаржылық шолулар мен есептерді жасау үшін қаржы және несие саласындағы деректерді зерттеу және басқару қабілеті;
- компанияның ағымдағы, қысқа және ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын бағалау қабілеті;
- стратегиялық даму міндеттерін іске асыруға байланысты компанияның есеп саясатын әзірлеу қабілеті;
- көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша басқару саясатын іске асыру және түзету;
- ХҚЕС сәйкес компаниялар мен компаниялар тобының қаржылық есептілігін қалыптастыру және топтастыру;
- бизнес-процестерге әсер ететін факторларды болжау, бағалау және сауатты әрекет ету қабілеті;
- Ақпараттық жүйелер мен деректер қорының жағдайын бағалау қабілеті;
- корпорациялардың есептілігінде қамтылған қаржылық және бухгалтерлік ақпаратты талдау мен түсіндіру және басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін алынған деректерді пайдалану қабілеті;
- тәуекел және белгісіздік факторларын ескере отырып, жобаның тиімділігін бағалау, жекелеген қаржы құралдарының инвестициялық сапасын бағалау және олардың ең тиімдісін таңдау қабілеті;
- инвестициялық портфельді қалыптастыру үшін қаржы активтерін жіктеу және ұсыну;
- әр түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы компанияның қаржылық қызметінің нәтижелері мен тиімділігін бағалау үшін ақпаратты басқару және зерттеу қабілеті;
- әр түрлі қаржы жоспарларын, сондай-ақ компанияның операциялық және қаржылық бюджеттерін жасау үшін қажетті қаржылық және қаржылық емес ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті мен дайындығын көрсету;

- баға саясатын анықтау және реттеу, есеп саясатын әзірлеу және түзету;
- қолданыстағы заңнаманы сақтауға және шаруашылық жүргізуші субъектінің экономикасын нығайту принциптеріне негізделген тиімді есеп саясатын таңдау негізінде есеп пен есептілікті ұйымдастырудың тиімді жүйесін әзірлеу қабілеті;
- компанияның өндірістік жағдайын нақты бағалау, SWOT - талдауды пайдалана отырып, сыртқы және ішкі тәуекел факторларын талдау;
- кәсіпорынның салық шығындарын басқару және оңтайландыру қабілеті.

Қарым-қатынас саласындағы дағдылар (Дескриптор D):

- әр түрлі экономикалық жағдайларда тиісті бағдарлау, командада жұмыс істеу қабілеті, өз көзқарасын дұрыс қорғау, жаңа шешімдер ұсыну;
- өз пікірін ұжымның пікірімен байланыстыра білу;
- іскерлік этика нормаларын сақтау, этикалық және адамгершілік нормалары мен мінез-құлыққа ие болу;
- берілген ақпараттың мағынасын жоғалтпай тиімді коммуникацияларды құру;
- көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті ережелерін сақтау;
- пікір-талас кезінде, экономикалық тақырыптарға өз ұстанымын дәлелдей білу қабілеті;
- шешендік өнерді, ауызша және жазбаша сөйлеудің сауаттылықтарын, өз жұмысының нәтижелерін көпшілік алдында ұсынуды, білім алушылардың мотивациялық саласын дамыту мақсатында презентацияның барабар формалары мен әдістерін іріктеуді, олардың экономикалық пәндерді қызыға меңгеруге деген тілектерін білу;
- қаржы саласында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша командада әлеуметтік өзара әрекеттестікте тиімді жұмыс істеу қабілеті;
- әр түрлі деңгейдегі семинарларда, пікірталастарда, конференцияларда шетел әріптестерімен тәжірибе алмасу және көптілді қоғам құру үшін осы тілді тасымалдаушылармен еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін көлемде шет тілінде диалог ұйымдастыру;
- ұйымдастырушылық қабілеттерді меңгеру;
- мобилділік, икемділік тәсілдерін меңгеру; компромисттерді таба білу, өз пікірін ұжымның пікірімен сәйкестендіру;
- әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау мен интерпретациялауды жүзеге асыру;
- ақпаратты, пікірлерді, мәселелерді және шешімдерді мамандар мен маман еместерге де хабарлау қабілеті.

Білім беру саласындағы дағдылар (Дескриптор E):

- ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін өңдеу және бағалау;
- жеке қызмет және рефлексия нәтижелерін бағалау қабілеті;
- қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және іріктеу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және беру қабілеті;
- кәсіби практикадан және кәсіби қызметтен өту барысында алынған оқу дағдыларын жетілдіру;
- жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті;
- күнделікті кәсіби қызметке және магистратурада білімін жалғастыруға қажетті жаңа білім алу дағдыларын меңгеру;
- кәсіби және жеке өсуге ұмтылу;
- игерілген білімді қисынды және дәйекті елестету қабілеті.

6B04103 – «Бизнес және қаржы» білім беру бағдарламасын табысты игергеннен кейін түлектер келесі оқу нәтижелерін көрсетуі тиіс:

- ОН1 – Математикалық логиканың базалық элементтерін білу, модельдеу, схемотехника және алгоритмдеу саласындағы практикалық есептерді шешуде математикалық логика теориясын қолдана білу, есептерді шешу әдістерін сыни бағалау және оңтайландыруға қабілетті болу.
- ОН2 – Бизнесі басқарудың арнайы бағдарламалық өнімдерін қолдану дағдыларын меңгеру, бизнес-процестерге әсер ететін факторларға болжам жасауға, бағалауға және әрекет етуге, ақпараттық жүйелер мен деректер қорының жай-күйін бағалауға қабілетті болу, ақпараттық жүйелердегі деректер мен ақпараттар ағынын талдай білу, MSExcel, Calc электрондық кестелерін қолдана отырып деректерді өңдеу.
- ОН3 – Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздерін, іскерлік этика нормаларын сақтауды, экономиканың, қаржылық менеджмент пен қаржылық маркетингтің теориялық негіздері туралы білімін көрсету.
- ОН4 – Негізгі экономикалық ұғымдарды, ұлттық экономиканың қызмет ету шарттарын, экономикалық өсу ұғымдары мен факторларын түсіндіру, тұтынушылық сұраныстың қағидаттарын қалыптастыру және оны анықтайтын факторларды қолдану, нарықтық және ерекше тәуекелдерді талдаудың негізгі тұжырымдамалары мен әдістерін қолдану.
- ОН5 – Корпорацияның жұмыс істеу принциптерін және корпоративтік басқару әдістерін түсіну және іске асыру, корпорациялардың есептілігіндегі қаржылық және бухгалтерлік ақпаратты талдау, түсіндіру және алынған деректерді басқару шешімдерін қабылдауда пайдалану.
- ОН6 – Тәуекел және белгісіздік факторларын ескере отырып, жобаның тиімділігін бағалау, жекелеген қаржы құралдарының инвестициялық сапасын бағалау және олардың неғұрлым тиімдісін таңдау, берілген шектеулерге сәйкес келетін жоба сметасы мен бюджетін әзірлеу, жобаны іске асыруды ұйымдастыру.
- ОН7 – Инвестициялық портфельді қалыптастыру үшін қаржы активтерін жіктеуге және ұсынуға, бағалы қағаздардың қаржылық талдауын жүргізу, түзетілген талдамалық (EBITDA, NOPAT, EVA, RAROC) аналитикалық көрсеткіштерін құру арқылы стандартты қаржылық есептілікті түсіндіру.
- ОН8 – Әр түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы компанияның қаржылық қызметінің нәтижелері мен тиімділігін бағалау үшін ақпаратты басқару мен зерттеу, оны құрастыру үшін қажетті қаржылық және қаржылық емес ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті мен дайындығын көрсету.
- ОН9 – Өнімнің, жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құнын калькуляциялау бойынша шығындар сметасын әзірлеу, баға саясатын айқындау және реттеу, есеп саясатын әзірлеу және түзету, қолданыстағы заңнама аясында және шаруашылық жүргізуші субъектінің экономикасын нығайту принциптеріне негізделген тиімді есеп саясатын таңдау негізінде есеп пен есептілікті ұйымдастырудың тиімді жүйесін әзірлеу.
- ОН10 – Компанияның өндірістік жағдайын нақты бағалау, SWOT - талдауды пайдалана отырып, тәуекелдің сыртқы және ішкі факторларын талдау, ұтымды басқару шешімдерін әзірлеу, салық төлеушілердің есебін жүргізу және оларды шоттарда көрсету үшін салық заңнамасын қолдану, мемлекеттің салық саясатын дұрыс түсіндіре білу және ұйымның практикалық қызметінде көрсету, кәсіпорынның салық шығындарын басқару және оңтайландыру.

- ОН11 – Банк қызметін ұйымдастыру принциптерін сипаттау, банк саясатын қалыптастыру әдістері мен кезеңдерін жіктеу, әртүрлі банк операцияларына кешенді талдау жүргізу, талдау әдістері мен құралдарын зерттеу арқылы төлем жүйелері қызметінің тиімділігін талдау.
- ОН12 – Электронды ақшаның қасиеттерін түсіндіру, ислам банкиніндегі банктік қызметтердің ерекшеліктерін түсіндіру, банктік автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді қолдану, клиенттерге есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, салықтарды есептеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану дағдысының болуы.
- ОН13 – Тиімді басқару шешімдерін әзірлеу және қабылдау, мерзімдік қатарларды моделдеуде гаусстық процестерді қолдану және пайдалылық көрсеткіштерін болжау үшін міндеттерді шешу нәтижелерін талдау.
- ОН14 – Reinforcement Learning әдістерін, NaturalLanguageProcessing әдістерінің көмегімен клиенттік тәжірибені жақсарту үшін машиналық оқыту әдістерін қолдану.

2.1 Білім беру бағдарламасының элективті пәндер каталогы

Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптасатын Оқыту нәтижелері (кодтар)	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Жалпы білім беретін пәндер циклі					
Таңдау бойынша компоненттер					
Жетістік философиясы	Пәнді меңгерудің мақсаты: әлеуметтік құзыреттілікті табысты әлеуметтік мінез-құлықтың негізі ретінде қалыптастыру, қаржылық, өмірлік және кәсіби табысқа жетуге ықпал ететін жеке қасиеттерді дамыту. Пән келесі бөлімдерден тұрады: өз білімін жетілдіру технологиясы. Жеке және кәсіби өзін-өзі анықтау. Ғылыми-зерттеу жұмысының негіздері. Тайм менеджмент технологиялары. Ақпараттық-техникалық әлемдегі адам. Қызметтік міндеттерді орындау шеңберінде компьютерлендіру. және т. б.	5	ОН1,ОН2,ОН3,ОН4		
Құқық негіздері	Құқықтық ұстанымдардың жалпы әлеуметтік бағытын зерттеу, білім алушыларға заңнама жүйесінде дұрыс бағдар беру дағдыларын үйрету, заңды мазмұнның қоғамдық өмірдің нақты оқиғаларымен арақатынасын қалыптастыру.		ОН3		
Тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Адамның тіршілік ету ортасымен өзара қауіпсіз қарым-қатынасы саласында және қауіпті және төтенше қауіпті жағдайларда жағымсыз факторлардан қорғау негіздерін; экологиялық дүниетаным, тіршілік қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық және құқықтық актілер саласында; Қазақстан Республикасы азаматтық қорғаныстың міндеттері, құрылу және жұмыс істеу принциптері; жеке қорғану құралдары саласында білім мен іскерлікті қалыптастыру.		ОН3		
Базалық пәндер циклі					
ЖОО компоненті					
Математикалық логика	Пән ғылым, өнер техникасы салаларындағы қызығушылықтың өзін-өзі анықтауды, математикалық логика негіздері курсын оқып үйрену арқылы бейіндерді саналы таңдауға дайындауды; пәнаралық байланыстардың әр түрлілігінде математика туралы тұтас түсініктерді қалыптастыруды, математикалық логиканың негізгі түсініктерін, компьютерлерде математикалық есептерді шешу кезінде алгоритмдерді өңдеу, талдау және негіздеу әдістерін оқып үйретеді	5	ОН1,ОН2,ОН7,ОН8,ОН12, ОН13,ОН14	Алгебра мектеп курсы	Бизнестегі қолданбалы бағдарламалық өнімдер
Бизнестегі қолданбалы бағдарламалық өнімдер	Пән ақпараттық жүйелердің теориялық негіздерін, ақпараттық жүйелердің, жүйелер мен ресурстардың, бизнеске арналған қолданбалы бағдарламалық өнімдердің мәні, тұжырымдамасы мен қазіргі жағдайын, экономиканы ақпараттандыру мен параметтандырудың теориялық негіздерін зерттейді; экономикалық мәліметтерді ұсыну, сақтау және есептеу үшін бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1,ОН2,ОН7,ОН8,ОН12, ОН13,ОН14	Data Base деректер талдауы, Операциялық жүйелерді басқар, Математикалық логика	R және Python ортасындағы бизнестік талдау

Экономикалық теория	Пән экономиканы мемлекеттік реттеудің экономикалық теориясының, механизмдерінің, принциптерінің жалпы ережелерін оқытады; ақпаратты бақылау және жүйелендіру, логика мен диалектиканы олардың өзара байланысында экономикалық құбылыстарды танудың саналы әдісі ретінде қолдана білуді дамытады; аналитикалық ойлау дағдыларын, қазақстандық экономика моделінің институционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу жолдарын құзыретті іздестіруді қалыптастырады.	5	ОН2,ОН3,ОН4,ОН9,ОН11	Мектеп курсы математика, география, тарих	Халықаралық маркетинг, Қаржылық маркетинг, Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу, Салық және салық салу, Қаржылық институттар және нарықтар
Бизнестегі микроэкономика	Пән нарықтық типтегі экономиканың жұмыс істеуін зерттеу үшін тұтас категориялық аппаратты, жетілдірілген және жетілдірілмеген бәсекелестік жағдайында экономикалық жүйенің модельдерін құруды қалыптастырады; нарықтық экономиканы зерттеудің әдіснамалық принциптерін анықтау дағдысын дамытады; сапалық және сандық әдістерді қолдана отырып, белгілі экономикалық жағдайларда экономиканың микро деңгейіндегі агенттердің жағдайына оң талдау жасай білуін дамытады.	5	ОН2,ОН3,ОН4,ОН8,ОН9,ОН11	Мектеп курсы алгебра, география	Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу, Бизнестегі макроэкономика, Корпоративтік қаржы, Бухгалтерлік есеп және аудит
Қаржылық менеджмент	Пән қаржылық менеджментті ұйымдастырудың мәні, функциялары мен негізгі принциптерін, оның ақпараттық қамтамасыз етілуін, қазіргі заманғы заңнамаларды, нормативтік құжаттар мен әдістемелік материалдарды, реттеуші компанияларды, ақша айналымын, төлемдер мен есеп айырысу жүйелерін зерттейді, компанияның қаржылық жағдайын бағалау бойынша ақпараттық және статистикалық материалдарды талдай білуді дамытады.	5	ОН2,ОН3,ОН4,ОН8,ОН9,ОН11	Қаржылық жоспарлау және бюджеттеу, Венчурлік қаржыландыру, Мемлекеттік қаржы, Қаржылық маркетинг, Халықаралық маркетинг	Қаржылық тәуекел-менеджмент, Қаржы нарығындағы тәуекел-менеджмент, Стратегиялық банктік менеджмент, Антикризисный менеджмент в финансах, Жобаларды басқару, Персоналды басқару
Корпоративтік қаржы	Пән қазіргі заманғы компанияның қаржылық проблемаларының теориялық құрылымын, жалпы капиталды бағалаудың базалық модельдерін, бастапқы қаржы активтерін бағалау моделін, нақты активтерді бағалауды және инвестициялық жобаларды талдауды үйренеді, ұзақ мерзімді несие капиталы нарықтарында корпорацияның мінез-құлқын талдау және агент пен меншік иесінің капиталды тартуда, оны орналастыруда, қаржылық түсімдерді бөлуде қарым-қатынасын дамытады.	5	ОН5,ОН9,ОН10,ОН13	Бизнестегі микроэкономика	Корпоративтік қаржыландыру және капитал құны, Жобалық қаржыландыру
Қаржылық институттар және нарықтар	Пән қор нарығының жұмыс істеу механизмін, бағалы қағаздардың негізгі қасиеттерін, бағалы қағаздарды жіктеу принциптерін, қаржы нарығының даму үрдістерін, қаржылық тәуекелдерді басқарудың әртүрлі құралдарын қолдану ерекшеліктерін, қаржы құралдарының кірістілігін есептеуді жүргізу іскерлігін дамытады, басқару процесінде қаржы институттарының қызметін қаржылық талдау әдістерін қолдануды үйретеді.	5	ОН1,ОН2,ОН6,ОН7,ОН8,ОН9,ОН13,ОН14	Экономикалық теория	Қаржылық жоспарлау және бюджеттеу, Венчурлік қаржыландыру, Банк ісі, Сақтандыру ісі, Excel және қаржы, Excel-де бюджеттеу
Бухгалтерлік есеп және аудит	Пән тұжырымдама туралы, бухгалтерлік есеп қағидалары, екі жақты және теңгерімдік теңдік қағидалары, екі еселік кіріс және бухгалтерлік есеп, қаржылық есепті дайындау, кірістер мен ақшаны есепке алу, қаржылық есептілікті дайындау туралы білімді қалыптастырады; есеп саясатын құру және түзету, тиімді есеп саясатын таңдау негізінде бухгалтерлік есеп пен есеп беруді ұйымдастырудың тиімді жүйесін құру қабілетін дамытады	5	ОН2,ОН3,ОН5,ОН7,ОН8,ОН9,ОН10	Бизнестегі микроэкономика	1С: бухгалтерия, ХҚЕС сәйкес қаржылық есеп, Қаржылық есепті талдау

1С: бухгалтерия	Пән бухгалтерлік есепті автоматтандыру ерекшеліктерін, бухгалтерлік ақпараттық жүйелердің түсінігі мен мақсатын, бухгалтерлік бағдарламалық қамтамасыз етудің жіктелуін, "1С: Кәсіпорын" бағдарлама кешенінің жалпы сипаттамасын, бухгалтерлік есепті автоматтандыру ерекшеліктерін, бухгалтерлік ақпараттық жүйелердің түсінігі мен белгіленуін, орындалған шаруашылық операциялар бойынша бухгалтерлік есептерді қалыптастыру білігін дамытады.	5	ОН2,ОН3,ОН5,ОН7,ОН8,ОН9,ОН10	Бухгалтерлік есеп және аудит	ХКЕС басқару есебі, Қаржылық есеп және есеп беру, Салық есебі және салықтық есеп
Базалық пәндер циклі					
Таңдау бойынша компоненттер					
а) Data Base деректер талдауы	Пән мәліметтерді талдаудың негізгі принциптері мен әдістемесін, бастапқы деректерді жинау мен дайындаудың негізгі принциптерін, белгісіздікті модельдеудің негізгі принциптерін, уақытша қатарларды талдаудың негізгі әдістерін, Data Base қазіргі заманғы әдістері туралы; деректерді талдау кезінде туындайтын негізгі мәселелерді түсінуді, нақты практикалық есептерді шешу кезінде мәліметтерді талдаудың зерттелген әдістерін қолдануды үйретеді	5	ОН1, ОН2,ОН7,ОН8,ОН12,ОН13,ОН14	Мектеп курсы алгебра	Бизнестегі қолданбалы бағдарламалық өнімдер, R және Python ортасындағы бизнестік талдау
б)Операциялық жүйелерді басқару	Пән ақпараттық жүйелерді құру негіздерін және ақпаратты өңдеуде жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды, объектіге бағытталған бағдарламалау тұжырымдамасын; практикалық есептерді шешуде математикалық әдістерді қолдану қабілетін дамытады; функционалдық талдау элементтерін, алгоритмдеу негіздерін, объектіге бағытталған домен моделін жасау дағдылары қалыптастырады		ОН1,ОН2,ОН7,ОН8,ОН12, ОН13,ОН14	Мектеп курсы алгебра	Бизнестегі қолданбалы бағдарламалық өнімдер, R және Python ортасындағы бизнестік талдау
а)Excel және қаржы	Пән жүйелеу және қорытынды шығару бойынша қуатты құралдарды оқытады – жиынтық кесте – құру принциптері мен ерекшеліктері, моделдеу, электрондық кестелердің зерттелген мүмкіндіктері негізінде инвестициялық жобалар қаржылық орнықтылықтан қаржылық есептілік моделін құруды бағалауға мүмкіндік беретін зерттелген құралдардың көмегімен Excel-де құрылған модельді қарастыру, дисконтталған ағындарды, дисконтталған және өзін-өзі ақтаудың әдеттегі мерзімін есептеуді оқытады.	5	ОН1,ОН2,ОН7,ОН8,ОН12, ОН13,ОН14	Қаржылық институттар және нарықтар	Қаржыдағы Machine learning
б)Excel-де бюджеттеу	Пән бюджетті басқару жүйесін, компаниядағы бюджеттер жүйесін, бюджет құру алгоритмін, бюджеттік нысандар пакетін қалыптастыру үшін ақпарат жинау әдістерін, компаниядағы бюджетті құру туралы білімдерін және дағдыларын қалыптастырады - Excel негізінде бюджетті құрудың практикалық аспектілері; компанияның бюджетін, өндірістік бюджетті қалыптастыру, итерация, шоғырландыру процесі және алынған ақпараттың сәйкестігін тексеру		ОН1, ОН2,ОН7,ОН8, ОН12, ОН13,ОН14	Қаржылық институттар және нарықтар	Қаржыдағы Machine learning

а)Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу	Пән экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеудің теориялық аспектілерін, мемлекеттік реттеу әдістемесінің түсінігін және оның негізгі элементтерін, мемлекеттік реттеу нысандарының жалпы сипаттамасын, болжауды және стратегиялық жоспарлауды, мемлекеттік реттеудің қаржылық-бюджеттік әдістерін, ақша-несие саясатының негізгі механизмдерін, экономикалық өсуді үйретеді, дамудың ұлттық бағдарламаларын жасау дағдыларын қалыптастырады; қаржы-ақша нарығын реттеуді үйретеді.	5	ОН2,ОН3,ОН4,ОН8, ОН9, ОН11	Бизнестегі микроэкономика	Мемлекеттік қаржы
б)Бизнестегі макроэкономика	Пән нарықтық типтегі экономиканың жұмыс істеуін зерттеу үшін тұтас категориялық аппаратты, жетілдірілген және жетілдірілмеген бәсекелестік жағдайында экономикалық жүйенің модельдерін құруды қалыптастырады; нарықтық экономиканы зерттеудің әдіснамалық принциптерін анықтау дағдысын дамытады; сапалық және сандық әдістерді қолдана отырып, белгілі экономикалық жағдайларда экономиканың микро деңгейіндегі агенттердің жағдайына оң талдау жасай білуін дамытады.		ОН2,ОН3,ОН4,ОН8,ОН9,ОН11	Бизнестегі микроэкономика	Мемлекеттік қаржы
а) Қаржылық маркетинг	Пән қаржылық маркетингтің қағидаттары, қаржылық маркетингтің негізгі категориялары, жаңа экономиканың жаһандық тенденциялары мен маркетингтегі өзгерістер, маркетингтің бизнес көрсеткіштеріне әсері, компанияның тұрақты дамуының негізі ретінде клиенттің бағыты, сегменттеу, мақсатты сегменттер мен позицияларды таңдау, инновациялар мен жаңа өнімді әзірлеу, өнімді басқару, өнім ассортименті және бренд портфолиосын басқару принциптері бойынша компанияны басқару философиясын зерттейді	5	ОН2,ОН3,ОН4, ОН8,ОН9,ОН11	Экономикалық теория	Қаржылық менеджмент, Өнімді әзірлеу және дамыту
б)Халықаралық маркетинг	Пән халықаралық маркетингтің мәні мен ерекшелігін, халықаралық маркетинг саласындағы отандық және шетелдік тәжірибені, сыртқы нарықтарды саралау және зерттеу әдістерін, сыртқы нарықтардағы маркетинг кешенін жүзеге асыру ерекшеліктерін, халықаралық маркетинг саласындағы жұмысты ұйымдастыру негіздерін үйренеді; халықаралық маркетинг ортасын талдай білуді, сыртқы нарықтардағы маркетинг кешенін жүзеге асыру бойынша іс-шараларды жоспарлауды оқытады.		ОН2,ОН3,ОН4.ОН8.ОН9.ОН11	Экономикалық теория	Қаржылық менеджмент, Компания стратегиясын әзірлеу және іске асыру
а)Жобаларды басқару	Пән оңтайлы жоспарлаудың негізгі әдістерін, оларды нақты жағдайларда қолданудың мүмкіндіктері мен шектеулерін үйренеді, жобаларды іске асыруда ұжымдық жоспарлауды ұйымдастыруды, өндірісті қайта ұйымдастыру мәселелерін анықтауды және талдауды, алынған білімді проблемалық жағдайлар үшін қолдануды меңгереді; кәсіпорын ұжымы қызметінің ұйымдастырушылық және әлеуметтік-психологиялық аспектілерін, жобаларды басқару бойынша практикалық дағдыларын қалыптастырады.	5	ОН2, ОН5, ОН6, ОН13	Қаржылық менеджмент	Деректерді талдау және экономикалық болжау

б)Персоналды басқару	Пән персоналды басқарудың концепцияларын, принциптерін, функциялары мен әдістерін, қызметкерлермен жұмыстың негізгі түрлерін, ұжымдағы жанжалдарды басқару принциптері мен тәсілдерін, персоналды кадрлық қамтамасыз етудің мәнін оқып үйренеді, персоналды басқару қызметтері қолданатын типтік құжаттарды әзірлеу іскерлігін дамытады; персоналды басқару проблемалары бойынша нақты материалдарды жүйелеу, талдау; компания персоналын басқарудың жүйелік талдауын жүргізу дағдыларын қалыптастырады.		ОН3, ОН5, ОН8	Қаржылық менеджмент	Бизнесті және компанияны бағалау
а) Өнімді әзірлеу және дамыту	Пән жаңа идеяларды құру әдістемесін, жаңа өнімді нарыққа шығару және әзірлеудің негізгі кезеңдерін, инновация түрлерін, нарықтық, технологиялық және стратегиялық тәуекелдерді, тұтыну нарығын сегменттеу және нарық әлеуетін бағалау мәселелерін, тауарларды отандық және сыртқы нарықтарға жылжыту механизмдерін оқытады, тұтынушылық тауарлар нарығын сегменттеу, тұтыну нарығының конъюнктурасын бағалай білуді дамытады.	5	ОН2,ОН4, ОН8, ОН9	Қаржылық маркетинг, Инвестициялық және қаржылық шешімдер	Қаржылық дағдарысқа қарсы менеджмент
б)Компания стратегиясын әзірлеу және іске асыру	Пән стратегиялық басқарудың мәні мен мазмұнын, ұйымның стратегиялық мақсаттарының түрлерін және оларды қалыптастыру тәсілдерін, ұйымдардың сыртқы және ішкі ортасын талдау әдістерін, оның ішінде диверсификацияланған компанияларды талдау әдістерін, ұйымның стратегияларының жіктелуі мен сипаттамасын зерттейді; стратегиялық талдаудың әдістері мен құралдарын қолдана білуді, компанияның даму стратегияларын таңдауды жүзеге асыруды және негіздеуді дамытады.		ОН2,ОН5, ОН8,ОН10	Халықаралық маркетинг, Қаржылық инжиниринг	Стратегиялық банктік менеджмент
а) Қаржылық тәуекел-менеджмент	Пән тәуекелдерді басқару процесін, оның мақсаттарын, міндеттері мен құралдарын, нақты және қаржы секторының компанияларындағы, банктердегі осы процестің рөлін, өз жұмысында тәуекелдерді басқару бойынша мамандар тап болатын міндеттер мен сын-қатерлер туралы, Корпоративтік басқару жүйесіндегі тәуекел-менеджердің рөлі мен функциялары туралы үйренеді, тәуекел-менеджментте қолданылатын модельдерді қолдана білуді дамытады.	5	ОН3,ОН6, ОН8, ОН10	Қаржылық менеджмент, Сактандыру ісі	Дипломалды іс-тәжірибесі
б)Қаржы нарығындағы тәуекел-менеджмент	Пән қаржы нарықтарындағы тәуекел-менеджменттің рөлі мен негізгі міндеттерін, тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастырудың негізгі принциптерін оқытады, қаржы құралдары портфелінің нарықтық тәуекелін және міндеттемелер портфелінің кредиттік тәуекелін бағалай білуді, компьютерде есептеумен кредиттік және нарықтық тәуекелдердің сандық бағалай білуді дамытады; өз есептерінің нәтижелерін интерпретациялау дағдыларын қалыптастырады.		ОН3,ОН6, ОН8, ОН7, ОН10	Қаржылық менеджмент, Сактандыру ісі	Дипломалды іс-тәжірибесі
а) Қаржылық жоспарлау және бюджеттеу	Пән ұйымдардың қаржы жүйесіндегі бюджеттеуді, қаржылық жоспарлау мен бюджеттеудің құралдары мен әдістерін, қаржылық жоспарлау мен бюджеттеудің базалық технологияларын; қаржылық жоспарлау мен бюджеттеу процесін құқықтық және ақпараттық қамтамасыз ету принциптерін оқытады, жоспарлы және есептік қаржылық жоспарлар мен бюджеттерді құру, бюджеттік көрсеткіштерді талдау, ауытқуларды анықтау, олардың сипаты мен себептерін талдау іскерліктерін дамытады.	5	ОН1, ОН2, ОН6, ОН7, ОН8,ОН9, ОН13, ОН14	Қаржылық институттар және нарықтар	Қаржылық менеджмент, Инвестициялық және қаржылық шешімдер

б) Венчурлік қаржыландыру	Пән венчурлік қаржыландыруды тарту жүйесін (венчурлік капиталдың типтері, бизнестің даму сатысына, өсу ерекшелігіне, өнімнің, бизнес-модельдерге байланысты қаржы құралдары) зерттейді; инновациялық компанияның идеялардың пайда болу сатысынан және компанияны құру сатысынан даму сатысына дейін қаржы стратегиясын әзірлей біледі, венчурлік компанияның/инвестордың ағымдағы және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қаржы нарықтарының мүмкіндіктерін пайдалануды дамытады.		ОН1, ОН2, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН13, ОН14	Қаржылық институттар және нарықтар	Қаржылық менеджмент, Қаржылық инжиниринг
а) Инвестициялық және қаржылық шешімдер	Пән экономикалық субъектілер қабылдайтын қаржылық шешімдер саласындағы мәселелерді, қаржы операциялары, процестер мен заңдарды, қаржы стратегиясы мен қаржы саясаты ұғымын, қаржы активтері мен қаржы нарығының мөлшерлемелері, бір жолғы төлемдер, активтердің жіктелуі, облигацияның ішкі кірістілігі және тәуекелсіз мөлшерлемелері, инвестициялық қоржынды қалыптастыру, негізгі қаржы құралдарын бағалау, қаржы инвестициялары бойынша шешімдер қабылдауды оқытады.	5	ОН1, ОН2, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН13, ОН14	Қаржылық жоспарлау және бюджеттеу	Өнімді әзірлеу және дамыту
б) Қаржылық инжиниринг	Пән қаржылық маркетинг принциптерінде компанияны басқару философиясын, қаржылық маркетингтің негізгі категорияларын, жаңа экономиканың жаһандық трендтерін және маркетингтегі өзгерістерді, маркетингтің бизнес нәтижелілігіне әсерін, компанияның тұрақты дамуының негізі ретінде клиентке бағдарлану, сегменттеу, мақсатты сегменттерді таңдау және позициялау, инновациялар және жаңа өнімдерді әзірлеу, өнімді, тауарлық ассортиментті және брендтердің портфелін басқару.		ОН1, ОН2, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН13, ОН14	Венчурлік қаржыландыру	Компания стратегиясын әзірлеу және іске асыру
а) Корпоративтік қаржыландыру және капитал құны	Пән экономикалық субъектілер қабылдайтын қаржылық шешімдер саласындағы мәселелерді, қаржы операциялары, процестер мен заңдарды, қаржы стратегиясы мен қаржы саясаты ұғымын, қаржы активтері мен қаржы нарығының мөлшерлемелері, бір жолғы төлемдер, активтердің жіктелуі, облигацияның ішкі кірістілігі және тәуекелсіз мөлшерлемелері, инвестициялық қоржынды қалыптастыру, негізгі қаржы құралдарын бағалау, қаржы инвестициялары бойынша шешімдер қабылдауды оқытады.	5	ОН1, ОН2, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН13, ОН14	Корпоративтік қаржы	Деректерді талдау және экономикалық болжау
б) Жобалық қаржыландыру	Пән оңтайлы жоспарлаудың негізгі әдістерін, оларды нақты жағдайларда қолданудың мүмкіндіктері мен шектеулерін үйренеді, жобаларды іске асыруда ұжымдық жоспарлауды ұйымдастыруды, өндірісті қайта ұйымдастыру мәселелерін анықтауды және талдауды, алынған білімді проблемалық жағдайлар үшін қолдануды меңгереді; кәсіпорын ұжымы қызметінің ұйымдастырушылық және әлеуметтік-психологиялық аспектілерін, жобаларды басқару бойынша практикалық дағдыларын қалыптастырады.		ОН1, ОН2, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН13, ОН14	Корпоративтік қаржы	Бизнесті және компанияны бағалау

а) Қаржылық дағдарысқа қарсы менеджмент	Пән әлеуметтік-экономикалық жүйелердегі дағдарыстардың теориялық циклдерін, себептері мен типологияларын, дағдарысқа қарсы менеджменттің мәні, мақсаттары мен міндеттерін, дағдарысқа қарсы менеджменттің соттан тыс және соттық технологияларын, дәрменсіздік рәсімдерін жүргізудің құқықтық негіздерін үйренеді; кәсіпорындағы дағдарыстық жағдайларды талдау және болжау, төлем қабілеттілігінің деңгейін бағалау, компанияның қаржылық сауықтыру жоспарын әзірлеу дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН13, ОН14	Қаржылық менеджмент, Өнімді әзірлеу және дамыту	Дипломалды іс-тәжірибесі
б) Стратегиялық банктік менеджмент	Пән стратегиялық банктік менеджменттің негізгі ұғымдарын, банк саясатының негізгі ұғымдарын, тәуекел-менеджмент негіздерін, адам ресурстарын басқару негіздерін, стратегиялық жоспарлау және тактика негіздерін, Банк стратегиясын талдау және таңдау, стратегиялық өзгерістерді басқару, стратегия және нарықтық құрылым, нарық конъюктурасын талдай білуді, компанияның сыртқы ортасын бағалауды үйренеді; әр түрлі деңгейдегі стратегияны әзірлеу бойынша дағдыны қалыптастырады.	5	ОН1, ОН2, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9, ОН13, ОН14	Қаржылық менеджмент, Компания стратегиясын әзірлеу және іске асыру	Дипломалды іс-тәжірибесі
а) ХҚЕС басқару есебі	Пән ХҚЕС-тағы қазіргі заманғы менеджмент есебінің негізгі ұғымдары, принциптері мен құралдары туралы, өнімдер мен қызметтердің құнын есептеудің шығындары мен жүйелерін классификациялаудың заманауи тәсілдері туралы, басқару есебінің теориясы мен практикасын дамытудың заманауи тенденциялары, басқарушылық есеп жүйесін дамыту ерекшеліктері туралы білімді қалыптастырады; басқару шешімдері үшін бухгалтерлік ақпаратты талдау қабілеттерін дамытады	5	ОН2, ОН3, ОН5, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	ХҚЕС сәйкес қаржылық есеп, ІС: бухгалтерия	Деректерді талдау және экономикалық болжау
б) Қаржылық есеп және есеп беру	Пән қаржылық есептің, есептік циклдің теориялық негіздерін, шаруашылық операцияларды тіркеуді, есепке алу тәртібін, бағалау қаржылық есептілікте көрініс табуы, қорлар: есепке алу тәртібін, тану, бағалау және қаржылық есептілікте көрініс табуы, нақты, бағалау және шартты міндеттемелерді есепке алуды және есептілікте көрсетуді үйренеді; қаржылық есеп шоттарында қаржылық операцияларды көрсету дағдыларын қалыптастырады.	5	ОН2, ОН3, ОН5, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Салық және салық салу, ІС: бухгалтерия, Қаржылық есепті талдау	Бизнесті және компанияны бағалау
Бейіндік пәндер циклі					
ЖОО компоненті / Таңдау компоненті					
Салық есебі және салықтық есеп	Пән талаптарға сәйкес компанияның салықтық есебі мен есептілігін ұйымдастырудың теориялық аспектілерін, декларациялардың құрылымы мен мазмұнын зерделейді, салық салынатын базаны анықтау мақсатында бухгалтерлік есептің жеке шоттарын және салық есебінің әдістерін қолдана отырып, әр түрлі қаржылық-статистикалық есептерді, салықтардың әр түрі бойынша декларацияларды, оларға қосымшаларды жүргізу бойынша іскерлікті дамытады.	5	ОН2, ОН3, ОН5, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Салық және салық салу, ІС: бухгалтерия	Деректерді талдау және экономикалық болжау
Мемлекеттік қаржы	Пән қаржы мәні мен функциясының теориялық негіздерін, экономикалық циклдің әр түрлі кезеңдерінде қаржы саясатын жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар қолданатын қаржы құралдарын, басқару құралдарын және қаржыны басқарудың жекелеген функцияларының сипаттамасын, ҚР Бюджеттік процесін және бюджеттік құрылысын ұйымдастыру негіздерін үйренеді; қаржылық қатынастардың мазмұнын еркін түсінуді жетілдіреді	5	ОН3, ОН6, ОН13,	Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу, Бизнесітегі макОН экономика	Қаржылық менеджмент

Банк ісі	Пән банк бизнесінің бәсекелестік және ішкі ортасын талдау әдістерін, банк қызметін ұйымдастыру принциптерін, банк саясатын қалыптастыру әдістері мен кезеңдерін, банк және оның бөлімшелерінің бизнесін құру модельдерін зерттейді; басқару процесінде банк қызметін қаржылық талдау әдістерін қолдана білуді дамытады; әр түрлі банк операцияларын және жаңа банк өнімдерін кешенді талдау дағдыларын қалыптастырады.	5	ОН9,ОН11,ОН12,ОН14	Қаржылық институттар және нарықтар	Cash-flow және электрондық қаржылар
Сақтандыру ісі	Пән сақтандыру терминологиясының мазмұнын, сақтандырудың жіктелуін және сақтандыру ұйымдарының ұйымдық принциптерін оқытады: сақтандырудың әр түрінің шарттарын қарастырады, сақтандыру қызметінің қаржылық негіздерін, сақтандыру компанияларының аудит мәселелерін, қайта сақтандыру, шетелдердегі сақтандыру және біздің республиканың сыртқы экономикалық мүдделерін қарастырады, қазіргі жағдайда Қазақстанның сақтандыру компанияларының қызметін талдауды іскемдейді	5	ОН8, ОН9	Қаржылық институттар және нарықтар	Қаржылық тәуекел-менеджмент, Қаржы нарығындағы тәуекел-менеджмент
Салық және салық салу	Пән салықтың экономикалық мазмұнын, салық функциясын, салықтың айырымдық белгілерін, салық салу принциптерін, салық салудың ғылыми жіктемесін, оның маңызы мен қажеттілігінің себептерін, салықтық бақылау функцияларын жүзеге асыратын органдар, олардың құқықтары мен міндеттері, салық процесіндегі ҚР салық органдарының маңызды міндеттері, нақты салық ставкасын қолдану мүмкіндігін анықтай білуді дамытады.	5	ОН5, ОН8, ОН10	Экономикалық теория	Салық есебі және салықтық есеп, Қаржылық есеп және есеп беру
Cash-flow және электрондық қаржылар	Пән Cash-flow және электрондық қаржының мәнін, ұйымдастырудың негізгі факторлары мен шарттарын, акпараттық қамтамасыз етуді, әдістерін, компанияның ақша ағынын зерделейді, компанияның төлем қабілеттілігін, қаржылық тұрақтылығын және оның өзін-өзі қаржыландыруға қабілетін бағалауда дағдыларды қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН11, ОН12	Банк ісі	Қаржыдағы Machine learning
R және Python ортасындағы бизнестік талдау	Пән Python бағдарламалау тілінің негізгі құрылымдары мен идиомаларын, компанияның бизнес үдерістерін талдау үшін келесі әдістерді қолдануды үйренеді: жиын элементтерін салыстыру, сұрыптау, санауды сұрыптау, лямбда функциялар, жиындарды құру әдістері, қойылған сараптамалық есепті орындау үшін тәжірибеде күрделі емес бағдарламаны құру іскерлігін дамытады; қаржы бойынша практикалық есептерді нысандау және шешу дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН13, ОН14	Data Base деректер талдауы, Операциялық жүйелерді басқару	Дипломалды іс-тәжірибесі
Қаржыдағы Machine learning	Пән машиналық оқытудың негізгі модельдері мен әдістері туралы білімді қалыптастырады және қаржылық мәліметтерді әзірлейді, регрессиялық тапсырмалар ретінде уақыттық қатарларды болжайды: ауторегрессия, тенденциялар мен мезгілдер, уақыт қатарларымен жұмыс істеудің бейімдеу әдістері; осы модельдер мен әдістерді қолдана білу қабілетін дамытады; зерттелген әдістерді қолдана отырып, нақты қаржылық деректерді талдау дағдыларын қалыптастырады	5	ОН1, ОН2, ОН6, ОН13, ОН14	Excel және қаржы, Excel-де бюджеттеу.Cash-flow және электрондық қаржылар	Дипломалды іс-тәжірибесі

а) ХҚЕС сәйкес қаржылық есеп	Пән ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептің теориялық негіздерін, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының мәнін, ерекшеліктерін және қолдану аясын; стандарт шекарасын, тану критерийлерін, активтерді, міндеттемелерді, капиталды есепке алу әдістерін және оларды есептілікте ұсынуды; есеп саясатында және түсіндірулерде ашу үшін міндетті ақпарат көлемін үйретеді; халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолдану іскерлігін дамытады.	5	ОН2, ОН3, ОН5, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Бухгалтерлік есеп және аудит	ХҚЕС басқару есебі
б) Қаржылық есепті талдау	Пән қаржылық есептілікті талдаудың теориялық негіздерін оқытады; қаржылық есептіліктің мәні мен мәнін түсіну, қаржылық есептіліктің мазмұны, оның мақсаттары мен негізгі функциялары туралы түсінік, компанияның стратегиялық және болжамдық жоспарлауды жүргізу, есеп саясатын қалыптастыру, есеп-шоттардың жұмыс жоспарын әзірлеу, есеп және салық тіркелімдерін жүргізу, кірістердің бөлек есебін ұйымдастыру іскерліктерін дамытады.		ОН2, ОН3, ОН5, ОН7, ОН8, ОН9, ОН10	Бухгалтерлік есеп және аудит	Қаржылық есеп және есеп беру
